

"Алматы қаласының Белсенді
ұзақ өмір орталығы" КММ
«Алматы қаласының
Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы» КММ



КГУ "Центр активного
долголетия города Алматы"
КГУ Управления занятости и
социальных программ города
Алматы

050026, Алматы қаласы, Мауленов көшесі, 46 А
E-mail: center.ad.almaty@gmail.com
center.ad.almaty@mail.ru

050026, г. Алматы, ул. Мауленова, 46А
E-mail: center.ad.almaty@gmail.com
center.ad.almaty@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 22- өб
«24» мамыр 2024 жыл

ПРИКАЗ № 22 - пп
«24» май 2024 год

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге әдіскер – статист Ж. Салимбаева жауапты болып белгіленсін.

2. Жұмыс тобы 2024 жылғы 03 маусымнан 2024 жылғы 03 шілдеге дейін Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алматы қаласының белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) мынадай құрамда құрылсын:

Жұмыс тобының төрағасы: Жұмағұлова С.Ө., әкімшілік-шаруашылық жұмыс бойынша директордың орынбасары;

Жұмыс тобының мүшелері:

- Ауғанбаева А.Қ., әлеуметтік жұмыс бойынша директордың орынбасары;

- Батаев А. Ә. заңгер;

- Сембаева Н. Т., Медеу ауданы бойынша бөлім меңгерушісі;

- Баймуратова Л. Р., Бостандық ауданы бойынша бөлім меңгерушісі;

- Ищанова З. С., әлеуметтік блок бойынша бөлім меңгерушісі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (1-қосымша);

4. Жұмыс тобы 2024 жылғы 03 маусымнан 2024 жылғы 03 шілдеге дейінгі кезеңде мынадай бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізсін:

1) персоналды басқаруға, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі қызметтің ақпаратын жинау және қорыту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2024 жылғы 03 шілдеге дейінгі мерзімде талдамалық анықтама жасалсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директор орынбасары **С. Жұмағұловаға** жүктелсін.

Директор



С. Бекетаева